



Басқарма төрағасының үндеуі

Құрметті әріптестер, серіктестер және достар!

Қор ел экономикасының жағдайына үлкен әсер етіп, оның драйвері және бизнес-тәсілдерде көшбасшысы бола отырып, тұрақты даму саясатын дәйекті түрде іске асырып, қауіпсіз және инклюзивті орта қалыптастыруда.

Топтың құрамына экономиканың негізгі салаларын қамтитын 320-дан астам компаниялар кіреді. Бұл жай ғана бизнес-құрылымдар емес – бұл елдің инфрақұрылымы. Еліміз бойынша 263 мыңнан астам жұмыскер жұмыс істейді, олардың әрбірі – бізді күшейте түседі.

Қордың Қазақстанның тұрақты дамуына қосқан үлесі 2024 жылдың қорытындысы бойынша 10,9 трлн теңгеге бағаланады. Біз өсімді экономикалық өлшемде ғана емес, әлеуметтік және экологиялық жазықтықта да қамтамасыз етуге ұмтыламыз.

Экономикалық үлес

2024 жыл Қордың қаржылық ұстанымын нығайту жылы болды. Біз қызметтің негізгі бағыттары бойынша оң динамиканы көрсететін тұрақты нәтижелерді көрсеттік. Жыл соңында активтердің құны 11%-ға өсіп, 41,1 трлн теңгені құрады. Кіріс 10,4%-ға өсіп, 19 трлн теңгеге жетті.


2024 жылдың қорытындысы бойынша Қордың экономикалық үлесі шамамен 8,3 трлн теңгені құрады. Қор Мемлекетке салық, дивидендтер және өзге де бөлу түріндегі 3,4 трлн теңге сомасын төледі. Біз энергетика, өнеркәсіп, көлік, телекоммуникация және цифрлық инфрақұрылым салаларындағы ауқымды жобаларды жүзеге асыруды жалғастырудамыз. Жыл соңында біздің инвестициялық портфеліміз 130-ға жуық жобаны қамтыды, оның 46-сы стратегиялық маңызға ие.

Биыл төрт ірі жобаны жүзеге асыру аяқталды. Соңғы 30 жылда алғаш рет Екібастұз ГРЭС-1 станциясы сегіз қабатты режимде іске қосылды, оның қуаты 3500 МВт-тан 4000 МВт-қа дейін ұлғайтылды. Оңтүстік-Шығыс Азия нарықтарына экспорттаушыларға жол ашқан Сианда логистикалық терминал іске қосылды. Алматы энергетикалық кешені үшін газ инфрақұрылымының құрылысы аяқталды, бұл еліміздің ірі өңірлерінің бірін тұрақты газбен жабдықтауды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Қарашығанақ кен орнында мұнай өндіру деңгейін қолдау мақсатында газды кері айдаудың бесінші компрессоры енгізілді.

2024 жылдың маңызды жетістігі полиэтилен өндіретін зауыт құрылысының басталуы және газсепарациялық кешен құрылысы бойынша түпкілікті инвестициялық шешім қабылдау болды. Бұл флагмандық жобалар Қазақстанның мұнай-газ-химия секторының негізін қалады, елдің шикізаттық емес экспортының, ЖІӨ-нің өсуіне ықпал етеді және ілеспе шағын және орта бизнесті дамытуды ынталандырады.

Әлеуметтік үлес

2024 жылдың қорытындысы бойынша Қордың әлеуметтік салымы 0,9 трлн теңгеден асты. «Vision Zero» қағидаттарын ұстана отырып, біз еңбек қауіпсіздігін нормативтік міндеттеме ретінде ғана емес, корпоративтік мәдениетіміздің ажырамас бөлігі ретінде қарастырамыз. Нәтижесінде LTIF коэффициенті 7%-ға – 0,13 деңгейіне дейін төмендеді. Еңбек жағдайын жақсарту мақсатында Қор алдағы 5 жылға өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесін дамытудың корпоративтік стратегиясын бекітті. Стратегияға сәйкес 2028 жылға қарай жарақаттану жағдайларының санын азайту, өндірістегі әрбір жұмыскердің барынша қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ЖҚО, өрттердің санын азайту, авариялар мен ТЖ болдырмау қажет.





Қор Туралы

Тұрақты даму және
esg саласындағы
стратегиялық тәсіл

Қордың елдің әл-ауқатына
қосқан үлесі

Біз қалай жұмыс
істейміз

Біздің адамдар

Таза қоршаған ортаға
инвестиция саламыз

Корпоративтік
басқару

Қосымшалар

Қор Астана және Алматы қалаларында екі ғылыми-инновациялық көпсалалы клиниканың құрылысын, 2027 жылға жоспарланған Астанада перинаталдық орталықтың құрылысын, Жетісу облысындағы халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарына арналған тұрғын үйлердің құрылысын, еліміздің түрлі өңірлеріндегі елді мекендерді газдандыру жобаларын қаржыландырды.

Инклюзия мәселесіне ерекше назар аударылады. 2021 жылдан бастап елімізде ерте араласу орталықтарынан бастап ментальды бұзылған балаларға арналған мекемелерге дейін 45 оңалту орталығы ашылды. Қазірдің өзінде 30 000-нан астам балаға тегін көмек көрсетілді. Келер жылы орталықтардың санын 50-ге жеткізіп, 35 000 баланы қамту жоспарлануда.

Қордың бірыңғай қайырымдылық операторы – «Samruk-Kazyna Trust» корпоративтік қоры арқылы 2024 жылы денсаулық сақтау, білім беру, спорт және мәдениет саласында 36,7 млрд теңге сомасына 41 жоба қолдау тапты. Берілген қаражаттың арқасында 700 мыңнан астам адамға көмек көрсетілді.

Қор Тобында ерекше қажеттіліктері бар 3 000-нан астам жұмыскер еңбек етеді. Әйелдерге арналған көшбасшылық, тәлімгерлік, жас мамандарды оқыту бағдарламалары белсенді дамуда.

Біз отандық бизнесті қолдауды жалғастырудамыз: сатып алу көлемінің 97% (3,5 трлн теңге сомасына) қазақстандық өндірушілерге тиесілі. 2018 жылдан бастап оффтейк-келісімшарттар тетігі бойынша 306 млрд теңгеден астам сомаға 842 ұзақ мерзімді келісім жасалды. Біздің сатып алу жүйесінің тиімділігі мен ашықтығын халықаралық институттар – ЕҚДБ және Азия даму банкі жоғары бағалады.

6 Төмен көміртекті дамуға және қоршаған ортаны қорғауға қосқан үлесі

Қор қоршаған ортаға әсерді азайту бойынша жүйелі жұмысты жалғастыруда. 2024 жылы Топтың экологиялық басымдықтары ресурстарды үнемдеу, декарбондау және «жасыл» қаржыландыру сияқты үш стратегиялық бағыттар төңірегінде шоғырланды. 2024 жылдың соңына қарай біздің портфельдегі іске асыру кезеңінде тұрған ЖЭК және төмен көміртекті генерация жобаларының жиынтық қуаты 6,3 ГВт-қа жетті (бұл Қазақстандағы «жасыл» бастамалардың 80% -ға жуығы). Біз Total Eren, China Power және Masdar сияқты ЖЭК саласындағы әлемдік көшбасшылармен ынтымақтастықты дамытудамыз.

Барлық жұмыскерлерге, іскер серіктестерге және барлық мүдделі тараптарға біздің миссиямызды іске асыруға қосқан үлесі үшін алғыс айтамын. Біз бірлескен күш-жігерімізбен қуатты, тұрақты және бәсекеге қабілетті Қазақстанды құруды жалғастырудамыз.

Жақыпов Нұрлан Қаршағұлы
«Самұрық Қазына» АҚ Басқарма Төрағасы

